



Автор: ЗИНУЛЛИНА АСЕЛ АБИЛСЕЙТОВНА

Предмет: Қазақ тілі

Класс: 2-сынып

Раздел: Менің мектебім

Тема: хабарлы сөйлем

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	2.3.4.1 – мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер құрастыру 2.3.7.1-сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін қолдану 2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты өзара сұхбаттасу 2.3.3.1* - оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып мазмұндама жазу 2.3.5.1 - жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру
Цели урока:	Барлық оқушылар орындай алады Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табады, мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды.
Языковые цели:	Мектеп – школа - skool
Ожидаемый результат:	хабарлы сөйлеммен танысады, ажыратып үйренеді
Критерии успеха:	-сөйлем дегеніміз не екенін біледі,ережесін айтады; -сөйлемнің құрылу тәртібін біледі; -хабарлы сөйлемді анықтайды;
Привитие ценностей:	Бір-бірін тыңдауға,құрмет тұтуға тәрбиелеу.
Навыки использования ИКТ:	Аудиотаспа
Межпредметная связь:	Әдебиеттік оқу,көркем еңбек,дүниетану
Предыдущие знания:	Сөйлем деген не екенін біледі.

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока	Психологиялық ахуал туғызамын «Көңілді қоңырау» қоңырауды сыңғырлатып оқушыларыма сабақтың басталғанын хабарлап, жұмыстарына сәттілік тілей отырып бір – біріне де осы қоңырау үнімен тілек айтуын ұсынамын. Топқа бөлу: . ? ! белгілерін таңдау арқылы топқа бөлемін. Топпен жұмыс. Бастапқы білімдерін тексеру мақсатында «Ыстық картоп» ойнатамын. Алғашқы білімдерін бекіту мақсатында -сөйлем дегеніміз не ? - сөйлем нені білдіреді? -әр сөйлемнен кейін қандай тыныс белгісі қойылады? Сұрақтар қою,ережесін еске түсіру. Рефлексия Дескриптор: Сөздердің рет-ретімен орналастырады. Сөйлем құрастырады,тыныс белгісін қояды. Ережені біледі,мысал келтіреді. Тез әрі шапшаң ойлауға дағдыланады Бағалау түрі: «От шашу» әдісі арқылы балаларды ынталандырамын.	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока	Көркем жазу минуты. «Құм терапиясы» әдісі бойынша 1-тапсырма: 29 жаттығу . Мәтінді түсініп оқы. Жетелейтін сұрақтар қою. - Үзілісте не істейсіңдер? Үзіліс не үшін беріледі? Үзіліс кезіне арналған ережелер құрастырып көр. Топ болып постер жасау. -Балалар қалай ойлайсыңдар осы сөйлемдер бізге қалай айтылып тұр? -Хабарлы сөйлемнен кейін қандай тыныс белгісі қойылады? Ережені тақтаға ілу. Хабарлы сөйлем ережесін тақтадан оқу,мысалдар келтіру. Дескриптор: -Сөйлемдердің хабарланып тұрғанын айтады. -Хабарлы сөйлемнен кейін тыныс белгісі қойылатынын айтады,мысал келтіреді. Бағалау түрі: «Әуе шарлары» әдісі арқылы балаларды қолпаштап ынталандырамын. Кітаппен жұмыс. 30- жаттығу.Жұппен жұмыс Сөйлемдерді көшіріп жазу. Дескриптор: Мәтіннің ішінен хабарлап тұрған сөйлемдерді тауып көшіріп жазады. Хабарланып тұрған сөйлем екенін айтады. Тыныс белгілерінің қойылуын ұғынады Бағалау әдісі: «Плюс, минус» әдісі..Әр жұп өз жұбын бағалайды. Рефлексия. «Су – ли - фа» ойыны. Неше саусақ көрсетсе, сонша сөзден құралған сөйлем құрау керек. Есіңе сақта !Ережені оқу, есте сақтау 31- жаттығу Суреттердегі балалардың қайсысы үзілісте өзін жақсы ұстады? Қай оушы өз тәртібін өзгертуі керек деп ойлайсың? Дескриптор: Хабарламаларды айтады. Әр сөйлем нені хабарлап тұрғанын баяндайды. Бағалау: «Смайликтер» әдісі арқылы балаларды бағалау. Бекіту «СМС» әдісі арқылы тыныс белгілер қай сөйлемнен кейін қойылатын сұрап, смс арқылы жолдауын сұраймын. Рефлексия.	
Конец урока	Сабақтың соңы Рефлексия «Ақылды үкі» Балардың сабақты қай деңгейде түсінгенін ақылды үкіге қыстырғыштарды қыстыру арқылы анықтау. Түсіндім – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын, менің көңіл – күйім көтеріңкі. Түсіне алмаймын-сабақта белгілі бір қиындықтар болды ,кішкене ұқтым. Қиналамын– мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.	
Рефлексия	Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?	